Әділет

**2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

Мерзімі біткен
Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 42/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қаңтарда № 2497 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 91-ө "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысын іске асыру туралы" бұйрығына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырушы Абай ауданының ұйымдары, кәсіпорындары, мекемелерінің тізімі, жұмыс түрлері мен көлемдері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға жұмыспен қамтылған жұмыссыздардың еңбек ақысының мөлшері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген ең төменгі жалақының мөлшерінде, толық емес жұмыс күні жағдайлардағы немесе икемді кесте бойынша жұмыс мүмкіндігімен бекітілсін.

3. Қоғамдық жұмыстарға жұмыспен қамтылған азаматтардың еңбекақысын төлеу жергілікті бюджеттің қаражатынан жүргізілсін.

4. Жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға "Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, "Абай ауданының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі үлгі шарттарын жасасын.

5. Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 қаңтардағы № 03/03 "2013 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2159 болып тіркелген, 2013 жылғы 16 ақпандағы № 8 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) қаулысының, Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 12/07 "Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 қаңтардағы № 03/03 "2013 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы"

қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2319 болып тіркелген, 2013 жылғы 18 мамырдағы № 20 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) қаулысының, Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 маусымдағы № 20/01 "Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 қаңтардағы № 03/03 " 2013 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2347 болып тіркелген, 2013 жылғы 20 маусымдағы № 29 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің орынбасары Әсем Айтжанқызы Жүніспековаға жүктелсін.

7. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі А. Елжасов

Абай ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 42/03 қаулысына
қосымша

## 2014 жылға Абай ауданының ұйымдары, кәсіпорындары және мекемелері бойынша қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің тізімі

| Ұйымдар, кәсіпорындар және мекемелер | Жылына қоғамдық қызметкерлерге сұраныс, адам | 1 адамның жұмысының ұзақтығы, ай | Айына қызметкерлер саны, адам | Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері |
|---|---|---|---|---|
| "Абай-Көркем" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 192 | 1,5 | 24 | Көшелер мен кварталдар бойынша алаңы 192340 шаршы метр жол жиектемелері жанындағы қар мен қоқысты жинау, нөсерліктерді тазарту, жасыл жолақтарды жинау, жол жиектемелері мен ағаштарды ақтау, қарағайларды күту, гүлдерді суару , шөптер мен бұталарды кесу |
|  | 40 | 1,5 | 5 | Мүлік, жер және транспорт салықтарын жинауға көмек – 3400 түбіртек, өткен жылдар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Абай ауданы бойынша салық басқармасы | | | | қарыздарына хабарламаларды дайында және тарату |
| Абай ауданының қорғаныс ісі жөніндегі бөлімі | 20 | 1,2 | 2 | Әскерге шақырылушылардың жеке істерін ресімдеуге көмек – 2500 іс, шақыру қағаздарын тарату – 1200 дана |
| Абай ауданының прокуратурасы | 20 | 1,2 | 2 | Ағымдағы құжаттармен жұмыстағы көмек – 600 парақ, факстерді жөнелту – 240 парақ, мәтіндерді теру және басып шығару – 400 парақ, хат-хабарларды жеткізу – 330 хат |
| Абай аудандық соты | 20 | 1,2 | 2 | Ағымдағы құжаттармен жұмыстағы көмек – 300 парақ, факстерді жөнелту – 120 парақ, шақыру қағаздарын тарату – 600 дана |
| Абай аудандық әділет басқармасы | 16 | 1,5 | 2 | Құжаттаудағы көмек – 2500 іс, мұрағаттық жұмыс 891142 іс |
| Абай ауданының ішкі істер басқармасы | 24 | 1,5 | 3 | Ағымдағы құжаттармен жұмыстағы көмек – 1200 парақ, факстерді жөнелту – 650 парақ, мәтіндерді теру және басып шығару – 600 парақ, хат-хабарларды жеткізу – 660 хат |
| Абай ауданының № 2 аудандық соты | 8 | 1,5 | 1 | Ағымдағы құжаттармен жұмыстағы көмек – 200 парақ, факстерді жөнелту – |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | 100 парақ, шақыру қағаздарын тарату – 200 дана |
| Құрма ауылдық округі әкімінің аппараты | 16 | 1,5 | 2 | Ұзақтығы 13 километр су құбырының, ұзақтығы 6 километр кәріздің қызмет көрсетуіне көмек |
| Топар кенті округі әкімінің аппараты | 24 | 1,5 | 3 | Көшелер мен кварталдар бойынша алаңы 15 гектар жол жиектемелері жанындағы қар мен қоқысты жинау |
| "Абай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу қоры" қоғамдық қоры | 40 | 1,5 | 5 | Шыршалар күтімі – 40 дана, ағаштарды көктемгі өңдеу- 40 дана, алаңы 0,1153 гектар аумағын жинау және тазалау, мешіт ғимаратында қызмет көрсету |
| "Қазпошта" акционерлік қоғамы Қарағанды облыстық филиалының Абай аудандық бөлімі | 80 | 1,5 | 10 | Абай ауданы елді мекендеріне хат-хабар тарату бойынша көмек |
| Барлығы | 500 | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК